

«Екібастұз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Комсомол
жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

“Ұлы Жеңіске 71 жыл”



Шықылдақ ауылы,
2016 жыл

«Отан Қорғаушы» ұйымының Патриот клубының іс-шаралары:

1. «Ұлы жеңіске – 71 жыл» мерей тойына арналған отырыс.
2. Әскери-патриоттық өлеңдер сайысы.
3. 10- сынып оқушылары ардагер ұрпақтарымен кездесу
4. Ауыл ескерткішінің маңын тазарту
5. 9-мамыр митингісі



«Ерлікке тағзым»

*Біздің жерлестеріміз
Гүлжан Каниевнаның, Кукишевтер отбасымен
кездесу*



Қоқыш Төретаев ардагердің отбасымен 10 сынып оқушылары кездесу кешінде





Торетаев Қоқыш

Торетаев Қоқыш 1918 жылы Қарағанды облысы, Баянауыл ауданы, Саржыл советі, Қандықарасу ауылында дүниеге келген.

1929 жылы ұйымдастыру кезінде «Одақ» атты колхоз құрылып сонда қарапайым жұмыскер болып еңбек еткен.

1941 жылы қаңтар айында әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына аттанады. Соғыста 306 с/п атқыш мерген болған. ҰОС 2-дәрежелі медалымен, «Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін», КСРО Қарулы күштерінің, «Еңбек ардагері», Ұлы жеңіске - 20 жыл, 30 жыл, 40 жыл, медальдарымен марапатталған.

1944 жылы шілде айында оң аяқтан қатты жарақат алып госпитальға түседі.

1946 жылы мамыр айында СА қатарынан аман-сау еліне (Майқайың поселкесіне) оралып, келісімен еңбекке араласып кетті. Майқайың алтын қорыту фабрикасында тас үгітетін техникада істеп, стахановшылар қатарына енді.


Майқайың фабрикасында 1955 жылға дейін жұмыс істеп, Төртқұдық алтын қорыту филиалына жіберіліп, онда 1962 жылға дейін еңбек еткен, 1962 жылдан Комсомол кенішарында мал шаруашылығында еңбек етті. Кенішар тарапынан партия, совет ұйымдарынан марапатталған.

1965-1974 жылдары Комсомол ауылдық округінде депутат болған.

1974 жылы зейнеткерлікке шығып, 1993 жылы қайтыс болып, Шиқылдақ ауылында жерленді.

**«Бәрі де майдан үшін,
Бәрі де Жеңіс үшін!»**
(тыл ардагерлері)

Сұрапыл соғыс жылдары тыл да асқан еңбек ерлігін жасаған халқымыздың Жеңіске қосқан үлесі орасан зор. Сол адамдардың бірі біздің ауылдасымыз – Акимжанова Рымжан. Соғыс ардагері Торетаев Қоқыш тың жұбайы.



Қани Ғаббасовтың отбасымен кездесу кеші



Ғаббасов Қани ардагерге арнап жазған мақалалар





«Жыр жазамын жүрегімнен»

(Оқушылар шығармашылығы)

Жеңіс күні

Жеңіс, Жеңіс, Ұлы Жеңіс!
Халқым менің аңсаған.
Әрқашанда Жеңіс деп,
Ақ көгершін самғаған.
Жеңіс күні келгенше
Халқым менің тынбастан,
Көп тер төгіп жақындатқан
Құдіретті қасиетті мерекені!
Елім менің тойласын
Батырларды ұмытпай.
Еске алғай әрқашан
Жасасын Жеңіс!
Жасасын халқым менің мәңгілік!

7-сынып оқушысы Серік Алтын

Майдангерлерге алғыс

Аталарымыздың қанымен,
Аруларымыздың жанымен,
Жеңіс келген кең далама.
Отан үшін жан пίδα,
Ел, жерге Жеңіс сыйлауға
Қуантып, кәрі, жас балаға,
Шайқастың ащы дәмін де,
Көрген-ді майдангер аталар.
Жалынды Жеңіс әнін де,
Парадтардың барша сәнін де,
Арнаймыз сіздерге
Құрмет пен сыйластық
Өшпейтін, алғыстың бәрін де.

10-сынып оқушысы Сапар
Әсем



Ұлы Жеңіс қарсаңында



Мектебімізде жеңістің 71 жылдық мерекесіне орай әскери іс-шаралар жалғасын табуда.

Мектебімізде жеңіс эстафетасына ән, би және көрініс түрлеріне мектебімізден өнерлі өрендеріміз қатысып келді.

Майдангерлер жайлы соны деректер жинап буклет кітапша жасап шығардық.

«Жыр жазамын жүрегімнен» айдарымен жас ақындарымыз асыл сөзден өрнек өрді.

Біз 10- сынып оқушылары өз аулымыздан майданға қатысқан ардагерлердің отбасымен жүздесіп, сұхбат жүргізіп, толарсақтан саз кешіп, Отан үшін жанын аямаған қаһарман аталарымыз жайлы біршама деректер жинадық.

8-сынып оқушысы Кукишев Данияр атасының соғыстағы ерліктері жайлы өз жиған-терген мәліметтеріне сүйене отырып, әңгімелеп берді.

Мектебімізде бастауыш сынып мұғалімі Габбасова К.К өз әкесінің майдандағы ерлігі туралы былай деді: 1941 жылы 17шілдеде әкеме соғыс комиссариатының шақыру қағазы келеді. Сол ауылдан 52 адам елін, жерін фашистерден қорғауға аттанады.

Алғашында Петропавловск қаласына әкеп, 45 күн әскери дайындықтан өткізеді. Сөйтіп, сондағы бүкіл құрамды, 3 полкті Ленинград қаласын қорғауға жібереді, бұл қала 3 жыл бойы жау қоршауында болды. 1076 - атқыштар полкінде қатардағы жауынгер санитар болады.

1944 жылы Эльбадағы кескілескен ұрыста өзіндей қатардағы жауынгер санитар Рахым Халитовпен бірге борап тұрған пулемет-миномет оғының астынан 65 жауынгер мен офицерлерді қару-жарағымен алып шыққан.

Сол үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған, Осы мәлімет жайлы И: Король, П. Егошиннің «От Свири до Эльбы» деген кітабында жазылған. 1944 жылы 1 ақпанда сол Эльбада неміс мергенінің оғы оң қолына тиіп жараланады. 3 айдай госпитальда жатып, дәрігерлер оң қолын кеседі. Сөйтіп 1944 жылы 1 мамырда аман-есен елге оралады.

Соғыстан кейін де еңбектен қол үзбей жылқы фермасына қайта келіп меңгеруші, есепші, зоотехник болып жұмыс істеді.

Әкем еңбексүйгіш, қайырымды, қарапайым адам болған. Халқына сыйлы, еліне елеулі, үлкенге іні, кішіге аға бола білген әкеміз бізге үлгі.

Біз, жинаған деректерден майдангерлеріміздің ерлігі қандай күш-қайратпен, қайсарлықпен келгенін сезіне алдық. Жеңіс туын желбіретіп, бейбіт өмір сыйлаған батыр бабаларымызға шексіз тағзым етсек те, аз болар, сірә!

10-сынып оқушысы Сапар Әсем